


Оқуға құштар мектеп бойынша мектеп ішілік іс-шараға белсене араласып оқыған кітап бойынша көрініс, мақала жазып, өлеңдерді мәнерлеп оқып оқыған кітаптарымен бөлісті. Оқушылар мектептегі түрлі үйірмеге қатысып, тоғызқұмалақ, қазақ күресінен аудандық және облыстық жарыстарға қатысты. Бүркіт Ислам аудандық күрес жарыстарында жүлделі 1-2 орындар алды. Тулегенова Ақсауле тоғызқұмалақтан облыстық жарыстарға қатысып, жүлделі орындар алып жүр. Тулегенова Ақсауле «Достық» олимпиадасына қатысып, аудандық кезеңнен 2-орын алып, облыстан 3-орын алды. Қадірбаева Зейнеп «Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша республикалық «мен оқыған бір кітап» жарысына қатысып, жүлделі 3-орын алды.

Барлық жоспарға сай жұмыстар атқарылды. Ұлттық құндылықтарға негізделіп жасалған мақсаттарға сай күтілетін нәтижеге қол жеткізілді.

6 А кл жетекшісі :  Сырмаханова Л.К

2023-2024 оқу жылындағы 6 а сыныбының тәрбие жұмысының талдауы

Оқу жылының басында 6 а кл 19 оқушы . 11 қыз ,8 ұл Білім сапасы : 63%, Оқу озаты : 5, оқу екпіндісі : 7 .

**Ұлттық құндылықтар:** Ұлттық құндылық, Ар-ұят, талап.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы мен ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып сыныптың тәрбие жұмысының тақырыбы мен мақсаты құрылып күтілетін нәтиже жоспарланған болатын .

**Сыныптың тәрбие жұмысының тақырыбы:** Балаларды өзін-өзі басқару және жауапкершілікке тәрбиелеу.

**Сыныптың тәрбие жұмысының мақсаты:** Оқушылардың зияткерлік, шығармашылық, тұлғалық-адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал ететін жағдайлар жасау.

Тәрбие жоспары 34 сағатқа құрылды . , әр бағыт бойынша класс сағаттары уақытында жүргізіліп отырды. Қосымша бағдарламалар да уақытылы жүргізілілді .Сынып оқушылары мектепшілік шараларға да белсене араласып атсалысты.

**25 қазан – Республика күні «Қазақстаным байтақ,мекенім!»** сыныптан тыс шараға оқушылар белсене қатысып , ұлттық мүдеге негізделген патриоттық әндер, өлеңдерді мәнерлеп оқып, қазақ халқының өткені мен бүгінгі күнінен көріністер қойды.

Ақпан – оқуға құштар мектеп айы, үшінші тоқсан - «ұлттық өнер » көрмесі аясы негізінде 19.02.2024ж «Ата-бабамыздан қалған асыл мұра» ашық тәрбие сағаты өткізілді. Ата –аналар , пән мұғалімдері қатысты.Ұлттық құндылықтар туралы өз ойлары мен бөлісті. Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Қимағамбетова А.Б. өз қолынан шыққан зергерлік бұйымдарын таныстырды .Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Кушқимбаев Т.Е. ұлттық ойын түрлерін таныстырып ,оқушыларға ұлттық ойындар өткізді.

